

ЖАМБЫЛ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ

Өзін-өзі тану 1курс

Оқытушы: Момынжанова Г.С.

Сабақтың тақырыбы:


“КӨШБАСШЫ БОЛУ”




Көшбасшы – жол таба білетін,
өзгелерге жол көрсете алатын, өзіне
жүктелген міндетті сезіне білетін,
ауыртпалыққа төзе білетін тұлға.



u-s.kz Ұстаздар сайты



Құндылық:
Дұрыс әрекет



Қасиеттер:
**Жауапкершілік, адалдық,
еңбекқорлық**

*Сабақтың
мақсаты:*



*Білімгерлерге адамзаттың шынайы
көшбасшылары туралы түсінік бере отырып,
“Дұрыс әрекет” құндылығының мәнін ашу.*

Сабақтың міндеттері:

- Білімгерлерге шынайы көшбасшылық туралы түсінік беру;
- Білімгерлерді ойдың, сөздің және істің бірлігінде өмір сүруге үйрету;
- Білімгерлерді жауапкершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Көшбасшының 10 маңызды қасиеті



1.Мақсатқа жетуде табанды және сенімді

2. Кәсіби шебер.

3.Позитивті, адал, тәртіпті, оптимист

4.Табандылық

5.Басқаға әсер ету, көзін жеткізуге қабілет

6.Жауапкершілік.

7.Ұйымдастырушылық қабілеті

8.Адамдармен қарым –қатынас жасай білу және коммуникативтілік

9.Өзін –өзі дамыту да көшбасшылық құпиясы.

10.Ең негізгі құпиясы –ол “тек қана алға!”



Шынайы көшбасшыларды шын жүректен жақсы көреді, оларға қорыққаннан не болмаса жеке пайдасы үшін емес, жүрек қалауы бойынша ереді



Шынайы көшбасшылар ой, сөз және әрекет бірлігінде өмір сүреді;



Шынайы көшбасшылар адамдарды рухтандырып, өздеріне сенуге көмектеседі



Үй тапсырмасы тексеру

Сұрақтар:

1. Қаныш Сәтбаев қандай әулетте дүниеге келген?
2. Мәтіндегі Қаныш Сәтбаевтың іс-әрекетінен нені аңғаруға болады?
3. Мәтіннен Қаныштың нағыз көшбасшыға тән іс-әрекеттерін тауып, оқып беріңіздер?
4. Қаныш Сәтбаевтың адамгершілігі мен азаматтығы туралы айтып беріңіз?
5. Қаныш Сәтбаев сияқты өздеріңіз білетін адамдар бар ма?

Дәйексөз

**“ АДАМГЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ
АДАМНЫҢ АЛДЫНДА ЖАТ
ҚЫЛЫҚТАР ЖАСАУҒА
ЕШКІМНІҢ БАТЫЛЫ
БАРМАЙДЫ”**

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

**Дәйексөздің мағынасын қалай
түсінесіздер?**



Бауыржан Момышұлы

(24.12.1910 Жамбыл обл., Жуалы ауд. Көлбастау - 10.06.1982 Алматы қ.) - Әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы. Малшы отбасында дүниеге келіп, 13 жасқа дейін ауылда, одан соң интернаттарда тәрбиеленді. Мектеп бітіріп, біраз мұғалім болды. 1932 ж. Әскер қатарына алынып, мергендік өнерін игерді.


1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал - майор И. В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанды. Мәскеу үшін шайқастағы ерліктері мәңгі есімізде. Қазақстанда ауылдарға, көшелерге балалар мектебіне т.б. есімі берілген.

Мұғалім сыйы.


“Өмірді қалай бастағаның емес, қалай аяқтағаның маңызды” НИК ВУЙЧИЧ туралы бейнеролик.




Сұрақ.



1. Вуйчичтер отбасы қиын жағдайдан қалай шықты деп ойлайсыздар?



2. Никтің ата-анасының бойынан өандай құндылықтар мен қасиеттерді байқадыңыздар?



3. Никті өмірге құштар еткен не және кім деп ойлайсыздар?

4. Никтің бойынан қандай көшбасшылық қасиеттерді байқауға болады?

5. Өзіңіз Никпен кездесетін болсаңыз, қандай сұрақ қояр едіңіз, қандай тілек білдірер едіңіз?

Шығармашылық жұмыс

1-Тапсырма.

Көшбасшылық



Көшбасшыға
тән қасиет

2-тапсырма. Төмендегі тізімді екі бағанға бөліп, бір бағанға басқарушының іс-әрекетіне тән нәрсені, ал екінші бағанға шынайы көшбасшының іс-әрекетіне тән нәрсені жазыңыздар. Өз таңдауларыңызды нақты мысалдармен дәйектеп, түсіндіріңіздер.

Басқарушы	Көшбасшы

1. Әкім.
2. Жаңашыл.
3. Рухтандырады.
4. Жүктейді.
5. Өз мақсаттары бойынша жұмыс істейді.
6. Өзгелердің мақсаттары бойынша жұмыс істейді.
7. Дәлелдемелерді пайдаланады.
8. Өзінің жеке тәжірибесін қолданады.
9. Идеалдары іс-әрекетке бастайды.
10. Шамдануы іс-әрекетке бастайды.
11. Жеке басының мүдделері бар.
12. Риясыз.
13. Сенеді.
14. Қадағалайды.
15. Кәсіби.
16. Энтузиаст.
17. Істі дұрыс атқарады.
18. Шешімдерді шындыққа айналдырады.
19. Шешімдер қабылдайды.
20. Дұрыс істі атқарады.
21. Сыйлы.
22. Ұнамды, құрметті.
23. Көру, елестету – іс-әрекет негізі.
24. Жоспар – іс-әрекет негізі.
25. Жүйені арқа тұтады.
26. Адамдарға сенеді.
27. Қозғалысқа серпін береді.
28. Қозғалысты қолдайды.

3 –тапсырма. Ұлы көшбасшылар және шынайы көшбасшылар кімдер? Кестемен жұмыс.

Ұлы көшбасшы өзі үшін өмір сүреді.	Шынайы көшбасшы басқалар үшін өмір сүреді.
Нұрсұлтан Назарбаев Шыңғысхан Махатма Ганди Адольф Гитлер Абай Құнанбаев А.Македонский В.Ленин	Наполеон Дінмұхамед Қонаев Иосиф Сталин Әл-Фараби Абылай хан Перт 1 Мать Тереза,

Үй тапсырмасы

1. Төменде берілген қанатты сөздерді оқып, көшбасшылық туралы ойыңды түйіндеп жаз.

Күшті ұлт болу үшін алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет. Ал сондай ұлтты алға жетелейтін білімді, патриот, еңбекшіл, өз салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін, ділін құрметтейтін азамат нағыз көшбасшы болуға лайық.

Н.Ә.Назарбаев

Лайықты көшбасшы өз адамдарын таниды және оларға анасынан артық ықылас білдіреді.

М.Л.Чиббер

Мемлекетті басқаратын адам – халқын шын ықыласымен сүюімен қатар парасатты және шыншыл болуы шарт.

Конфуций

Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт.

Жүсіп Баласағұн

2. Гүлсім Оразалықызының “Ленинградтық өренім” өлеңі қалай туған? мәтінін оқу.

*Әр сабаққа шабыттанып кіріп,
қанаттанып шыққан мұғалім –
бақытты.*

Сау болыңыздар!